

13. Oxford-practical-english-usage-3rd-edition-ocr-michael-swan Swan M.
Издания: University press 2013 г. <http://neb.arsu.kz/view?rid=4759&fid=4747>
[Электронный ресурс]. (дата обращения 07.02.2020) - (интернет источники)
14. <https://ecoteco.ru/library/magazine/zhurnal-11/ekologiya/151101-aforizmy/angliyskie-posloviy-i-pogovorki-o-zdorove/> [Электронный ресурс]. (дата обращения 07.02.2020) - (интернет источники)
15. Вазина К.Я. Рефлексивная технология саморазвития человека (четвёртое издание).
Изд-во: Нижний Новгород. ВГИПУ, 2009. - (книги)

ҒТАМР 17.07.21

ЖАСАМПАЗ ҒҰМЫР ИЕСІ Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

Ә.Ж. ҰЛЫҚПАНОВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл білімінің негізін қалаған түркітанушы ғалым, лингвист, әдебиет зерттеушісі, казактан шыққан тұңғыш профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың қоғамдық қызметі мен ғылыми зерттеу еңбектерінің рухани құндылығы туралы сөз болады. Құдайберген Жұбановтың ғибратты ғұмыры мен шығармашылық қызметі жайында баға берген белгілі ғалымдардың пікірлеріне талдау жасалады. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың зерттеулерінде көтеріліп отырған ұлттық педагогика тарихы, қашықтан оқыту мәселесі мен тілімізге енген кірме сөздердің аударылу жайы, қазақ тілі грамматикасының тұңғыш оқулығын жасау қызметі, халықтың білімін көтеріп, сауаттандырумен байланысты жүзеге асырылатын жаңа алфавитке (латындандыру) көшуге қатысты жасаған тұжырымды ой-пікірлері талданады. Қ.Жұбановтың сол тұста латындандыруға қатысты айтылған сын-ескертпелері мен ұсыныс-тұжырымдарының бүгінгі күнмен сабақтастығы зерделенеді.

Түйін сөздер: қоғам қайраткері, түркітану, лингвистика, кірме сөздер, латын графикасы.

Аннотация. В статье идет речь о значении общественной деятельности и значении научных исследований тюрколога, лингвиста, литературоведа, первого профессора казахского языка, основоположника казахского языкознания Кудайбергена Жубанова. Рассматриваются труды известных ученых, рассказывающих о биографии и творческой деятельности Кудайбергена Жубанова. В статье анализируются поднятые в исследованиях профессора Кудайбергена Куановича Жубанова мысли и суждения, касающиеся истории национальной педагогики, проблем дистанционного обучения и перевода заимствованных слов в нашем языке, деятельности по созданию первого учебника грамматики казахского языка, концептуальные мысли о переходе к новому алфавиту (латинизации), осуществляемому в связи с повышением знаний и грамотностью населения. Исследуется преемственность критических замечаний и предложений-выводов, высказанных в отношении латинизации в связи с реалиями сегодняшнего дня.

Ключевые слова: общественный деятель, тюркология, лингвистика, заимствованные слова, латинская графика.

Abstract.The article deals with the importance of social activity and the value of scientific research of a Turkologist, linguist, literary critic, the first professor of the Kazakh language, the founder of Kazakh linguistics, Kudaibergen Zhubanov. The works of famous scientists who talk about the biography and creative activity of Kudaibergen Zhubanov are examined. The article analyzes the thoughts and judgments raised in the studies of Professor Kudaibergen Kuanovich Zhubanov regarding the history of national pedagogy, the problems of distance learning and translation of borrowed words in our language, the activities to create the first Kazakh grammar textbook, conceptual thoughts about the transition to the new alphabet (Latinization), carried out in connection with the increase of knowledge and literacy of the population. The continuity of criticisms and suggestions, conclusions expressed in relation to Latinization in connection with the realities of today is investigated.

Key words: public figure, turkology, linguistics, loan words, latin graphics.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамы рухани құндылықтарға өзіндік зәрулігін ерекше танытуда десек артық айтқандық болмас. Замана заңғарына айналған парасатты тұлға Әбіш Кекілбаев ағамыз: «Бақ түгендейтін, тақ түгендейтін, атақ пен ат түгендейтін заман ба? Ел қамы жолындағы егесте, тарихи болашақ жолындағы таласта ой-пиғылың бір жерден шығатындай бастас түгендейтіндей кезеңге келдік...» [1, 3 бет], – демеп пе еді? Айтса айтқандай, елінің ертеңі үшін қызмет еткен аялуы тұлғалардың өмір жолы мен ғылыми мұрасы – жас ұрпақ үшін қай уақытта да рухани құндылықтардың қатарынан табылмақ. Сондықтан да өз тағдырымен ұлттық тарихымыздың таңдаулы беттерінің біріне айшықты ізін қалдырған қайраткерлеріміздің есімдерін қайта жаңғыртып отыруды – дәстүрге айналдырғанымыз жөн.

Қазақ лингвистикасының ғылыми-теориялық негізін қалаған Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың парасатты ғұмыры – адамзат баласының ең таңдаулы өмір жолындай болды деп білеміз. Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ Қ.Жұбановтай қазақтың біртуар феномен ғалымының өмір жолы мен ғылыми мұрасын танып білуі тиіс. Осы орайда, ең алдыменен, профессор Қ.Жұбановтың өмірдеректері мен ата-тегіне қатысты зерделеп өтуді мақсат етеміз.

XX ғасыр басында ерекше жарық жұлдыз секілді жарқырап жанып өткен Құдайберген Жұбановты – рухани қазынаның көмбесі болған еді десек, еш артық айтқандық болмас еді. Айтулы ғалымның өсіп-өнген топырағы мен білім алған жері, қызмет жолы мен ғибратты ғұмыры жайлы жазылған деректерге көз салсақ, өнегелі жанның өмірі – Абай ақын арман еткен нағыз «толық адам» тұлғасын тура танығандай боламыз.

Қ.Жұбанов ғалым ретінде, қазақ филологиясы мен түркітану ғылымы саласында өзіндік орнын қалдырды. Алғашқылардың бірі болып, тіл білімі, фольклор деректері мен қазақ мәдениетінің феномендері туралы құрылымдық жүйені тарихи көзқарас тұрғысынан зерделеуде тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде ерекше еңбек етті. XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы қазақ тілі қағазға түсіп таңбаланбаған тілдердің қатарында деп үстемдік

құрған шовинистік көзқарасқа қарамастан, бұл тілдердің тарихын білуге болатындығын, сонымен қатар ежелгі агглюнитивті тілдердің шығу төркіні мен олардың ерекшеліктерін де дәлелдеп шығарды. Оның ғылым-білімінің мықтылығы рухани дәуірлеудің, ұлттық сана-сезім мен халықтық мәдениетінің байлығын шын сезінуден туындағанын байқаймыз. Сондықтан да Құдайберген Жұбановтың ғылыми тағлымдық маңызы мықты идеялары баға жетпестей аса құнды.

Қ.Жұбанов қазақ өркениетінде Абай Құнанбаев, Қожа Ахмет Яссауи сынды ұлы тұлғалардың есімдерінің сақталуына да күш салды. 1930-жылдары таптық әдебиет тұрғысынан Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасына үстем тап өкілінің шығармашылығы ретінде қараған кейбір теріс ықпалды көзқарас туған уақытта алғашқылардың бірі болып, «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты зерттеуін жазды, сөйтіп, классик ақынның қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихындағы орнын тұғырлы түрде танытып берді. Ал Қожа Ахмет Яссауи сопылық идеясының жоғары рухтық, патриоттық негізін «95-толғау туралы» еңбегінде жан-жақты талдап көрсетті. Қ.Жұбанов – полиглот ғалым ретінде, өз зерттеулерін тарихи-салыстырмалы әдіспен жаза отырып, мысалы бір ғана Абай мен Яссауидің ақындығына баға беру үшін, шығыс, түркі тектес халықтардың ең мықты ақындарына баға береді. Европалық мәдениет пен әдебиет қайраткерлерінің, ғалымдарының зерттеулерін де талдап отырады. Жай ғана «Мынау – мықты ақын!» демейді, әлемдік деңгейдегі ғұламалармен салыстыра отырып, өзіміздің ақындардың артық тұсын ерекшелеп алып шығады.

Қ.Жұбанов сөздік қорымызды кірме сөздерден арылту үшін мағынасы келсін, келмесін, қазақ тіліндегі төл сөздерді еш сұрыптаусыз қолдануға тырысып, сөйтіп бастапқы өзіндік мағынадан айырылып жатқан күйді сынға алды: «...Басқасын қойып, бірлескен қоғамның ішкі қатынасының негізгі айнасы болатын тілді алсақ, қазақ тіліндегідей бір өңкейлікті, бір қалыптылықты басқа тілдерден өте сирек ұшыратуға болады. Тілдегі мұндай тұтастық, бір өңділік қазақ жеріндегі тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынас болғандығын көрсетеді. Ондай тығыз қатынас болмаса, көп елден құралған бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді» [2, 316 бет].

Аудармаға қатысты, оның ішінде интернационалды сөздерді тәржімалауда, ол сөздің шыққан төркінін, ментальды, жағдайлық және өзге контекстеріне байланысты, сондай-ақ аударма түрлері, кірме сөздердің грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып аударуға қатысты қойған талаптары бүгінгі таңдағы жаңа зерттеулерде жалғасын табуда.

Күні бүгінге дейінгі кірме сөздердің аударылуында өрескел жайттардың орын алып, әдеби тілдің қатарына еніп келгендігіне байланысты тіл біліміндегі заң жүзінде қабылданған шешімдер, қазақтың әдеби тілін дамытудағы Жұбанов идеяларының жаңғыруы деп бағалауға болады.

Қ.Жұбановтың қазіргі таңда көтеріліп отырған көптілділік мәселесін ХХ ғасырдың отызыншы жылдарында-ақ қолға алғандығын атап өтуіміз керек. «...Бір елді бір ел үйітіп жейтін бұрынғы заңның орнына жаңа заң тудырған жаңа дүние пайда болды. Бір елге бір ел жәрдем етіп, жетпесін жеткеретін бауырмалдық, ел-елдің достығы орнады. Осыдан кейін қазақ елі шын мағынасымен ұлт болды. Оның ұлт тілі болды. Бүгінде қазақ тілінің қазынасын жиып, онан әрі молайтып жатырмыз. Бүгінде қазақ тілі – әдебиет тілі, жоғары мектептерде оқылатын бір ғылым саласы...» [2, 318 бет], - деген сөздері осы пікірімізге дәлел болып тұрғандай.

Қ.Жұбанов сан алуан елдің тілін біліп қана қоймай, әдеби-мәдени ескерткіштері туралы да терең мағлұматы болды. Сондықтан да өз еңбектерінде түркі және шығыс халықтарының әдеби-тілдік деректерін салыстыра отырып зерттеді. Сөйтіп бүгінде таңда аса өзекті болып отырған мәдениаралық дискурс мәселелерін сол кезеңнің өзінде көтере білгендігімен де Қ.Жұбанов мұрасы құндылық қасиетін жоғалтқан жоқ.

Ф.ғ.д., профессор Есет Жұбанов әкелерінің кіндік қаны тамған жері туралы былай баяндайтын еді: «Біздің аталарымыз Жем бойымен жоғарылап келеді де, сәл ығысып, салқындау Темір өзенінің бойына қоныс аударады. Қазіргі Темір (бұрынғы Қарақамыс) қаласының жоғары жағында Ақжар, Қызылжар деген ауылдар болған. Қыстап қалған жеріміз Қосуақтам деп аталған, кейінірек Жұбанауыл аталып кеткен [3, 4 бет]».

Ата-тегінің шежіресі туралы сыр шерткен Есағаның айтуынша, Назардың бәйбішесінен туған Жәнібек, Тайлақ, Батырбай, үш ағайынды екен. Батырбай көпке балалы сүймей, өмірге ұл келгенде, есімін Жұбан қойған. Әрине, бұл есімде «жылай берме, жұбан» деген мағына жатыр. Жұбанның Қуан және Тәңірберген (Тәпен) деген екі ұлы болады. Сөз арасында айта кетейік, Құдайберген Жұбанов тілге шешендігімен де замандастарын тәнті еткен. Бұл қасиет аталарынан дарыса керек. Өйткені, Жұбанның ел ішінде балаларына айтқан «Би болмай-ақ қойындар, би түсетін үй болындар» деген сөзі қиыннан қиыстырып, сөз құраған тілге шешендігіне бір дәлел болса керек. Сондай-ақ, Жұбан бабамыз айтқан «Біз жиенмен жиылып, күйеумен көбейіп отырған елміз» деген сөзі де ел аузында қалған. Бұл арада өздерінің аз ағайынды екеніне меңзеп тұрса керек. Жұбанның келіні, Құдайберген мен Ахмет Жұбановтың анасы Бибішынар кейуана – талдырмаш келген, шымыр денелі жан болған екен. Бибішынар анамыз келін болып түскенде, Жұбан бабаның бір замандасы «Жұбеке, Тағыберген болыспен құда болыпты дегенге, келінің бойшаң екен десем, ешкінің асығындай-

ақ қой», – депті. Сонда Жұбан ақсақал «Немене мен балама бойшаң қыз әперіп, оны суға бойлатам ба?» деген екен. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы.

Қуанның бауыры Тәңірберген Темір-Орқаш болысына қарасты №9 ауыл-Қосуақтамда болыс болған. Жас Абайды қасынан тастамай ел билеу ісіне араластыруды көздеген Құнанбай сынды, Тәңірберген де Құдайбергенді қасында ұстап, хатшы қылған. Кейін Құдайберген ауылнай да болыпты. Ел билеу ісінен гөрі, оқу-білім алуға ынтасы мықтап ауған Құдайберген Жұбанов ауыл ішінде алған білімін азсынып, 1917 жылы әкесінің жұмсауымен базаршылып Жұрын станциясына келген бетінде, мініп келген атын ағашқа байлап, сол кезде «Илецкая защита» аталатын Күйікқалаға тартып тұрған. Айта кетейік, Қуан ақсақалдың ауыл ішінде ашып берген мектептегі Құдайберген мен Ахметтің ең алғашқы білім берген ұстазы – Абдолла Беркінов еді. Ол кісі Кеңестер Одағының тұсында да аты көпке мәлім, жарты ғасырға жуық мұғалім болған қадірлі кісі болған. Ағайынды Жұбановтардың одан кейінгі ұстазы Хұсайын Ашығалиев орысша сауатты, әрі сол елдің әдебиеті мен мәдениетін білген, музыкадан хабардар жан еді. Ахмет Жұбановтың өнертанушы, музыкант болуына ағасы Құдайбергеннің де, ұстазы Х.Ашығалиевтің де ықпалы мол болғанға ұқсайды. Құдайбергенге Күйікқаладан орысша білім алуға кеңес берген де осы Хұсайын мұғалім екен.

Туғаннан сыпа мінез, тәртіпті өскен Құдайберген Жұбанов, білім алуға деген құштарлығы шыдатпай, Күйікқалаға тартып кетті дедік қой. Сол кеткеннен Орынбордағы «Хұсайния» медресесін бітіріп, орысша да, мұсылманша да білім алып, елге 1919 жылы оралады. Ел іші бірде ақтар отряды, бірде «қызылдар» келіп, дүрбелеңге түскен шақ. Әкесінің інісі, болыс болған Тәңірберген бұл кезде қайтыс болады. 1920 жылы Қ.Жұбанов Темір-Орқаш ауылдық Кеңесінің төрағасы болып жұмыс істейді. Елдегі шаруалардың бар ауыртпалығы Құдайбергеннің мойнына түседі. Ауылдағы еңбекші халықты отырықшыландыру қамымен де жүреді, уездегі атқару комитетінің де қат-қабат жұмыстарын қатар алып жүреді. Қ.Жұбанов 1925 жылға дейін уездік оқу бөлімінде қызмет атқарып, 1925-1928 жылдар аралығында Ақтөбе қаласында жұмыс істейді. Саналы жас Құдайберген өзіне тапсырылған жұмыстардың барлығын да мінсіз атқарады. Ақтөбеде губерниялық ағарту органының инспекторы, әрі педтехникумның мұғалімі болады. Болашақ ғалымның қаламгерлік қарымын қалыптастыра бастауы да осы кезеңде. Қазіргі «Ақтөбе» газеті ол тұста «Кедей» деп аталады. Осы газеттің тілшісі, саяси шолушысы ретінде мақалалар жазып тұрады.

Қ.Жұбановтың бұл тұстағы қызметі туралы жарты ғасырға жуық ұстаздық қызметін абыроймен атқарған замандас досы Жанғазы Жолаев былай дейді: «Құдайбергенмен алғаш

рет 1925 жылы таныстым. Сол жылы екеуміз Ақтөбеде жұмыс істедік, біраз уақыт пәтерде көрші болдық. Мен содан кейін № 407 № 6 қазақ бастауыш мектебінің меңгерушісі және мұғалімі болып жұмыс істедім, Құдайберген Губоно әдісімен оқытушы болды. Ол кезде Құдайбергеннің жеке кітапханасындағы кітаптардың көпшілігі педагогика, психология туралы болды. Әсіресе психологияға қатысты әдебиеттерді оқыды. Күн сайын түнгі 2-3-ке дейін ол басын кітапқа тағзым етіп отырды. Бірде мен одан: «Құдайберген, сіз психология туралы көптеген кітаптарды оқыдыңыз, сізге не керек!» Ол: «Егер сіз адамдар арасында, әсіресе жастар арасында жұмыс жасасаңыз, оларды біліммен, ғылыммен, психологиямен, әсіресе балалармен бей-берекет етсеңіз, онда барлық жұмыс соқыр болады», - деп жауап берді» [2, 324 бет].

1928 жылы республиканың Халық ағарту комиссариаты Қ.Жұбановты сол кездегі астана – Қызылорда қаласына қызметке шақыртқанымен, бұл жерде ұзақ уақытқа қалмайды. Елге білімді, талантты мамандар керек еді. Сол себептен «Жұбанов жолдасты ғылыми жұмысқа пайдалану туралы» мәселе қаралап, Құдайбергенде Санкт-Петербургтегі Енукидзе атындағы Шығыстану институтының аспирантурасына жіберіліп, 5 жылдық оқуды 5 айдың ішінде игеріп, емтихандарды экстерн түрінде тапсырып, лингвист-тюрколог мамандығын алып шығады. Бір жағынан бұл қаланың дымқыл, сызды ауасы денсаулығына жақпай, 1929 жылдың жазында аз уақытқа Қызылордаға оралады. Бұл тұста латын әліпбиіне көшу туралы айтыс туындап жатқан уақыт еді, ғылыми тұжырымы терең Қ.Жұбановтың жаңа емлеге көшу туралы қисынды дәлелдері көптің ойынан шығып, пікірталасқа толы айтыста жеңіп шығады. Бұл бағыттың бастауы жолға қойылған соң, Қ.Жұбанов 1930 жылы Санкт-Петербургке қайта оралады. Тіл және ойлау институтына аспирант болып орналасқан Қ.Жұбанов тамаша лингвист Н.Я.Марр бастаған ғалымдардан білім алады. Ғылыми бағыты жолға қойылған Қ.Жұбанов 1932 жылы аспирантураны аяқтап, Алматыға келеді. Қазақстанның сол тұстағы тұңғыш жоғары оқу орны Мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. 1934 жылы тіл білімі салысындағы тұңғыш профессор атағына ие болады. Ғылыми еңбектерін жаза жүріп, қазақ жастарын оқыту, тәрбиелеу ісіне де ерекше үлес қосқан Қ.Жұбанов тұтқынға алынады. 1937 жылы 19 қарашада жазықсыз жаламен түрмеген қамалған ғалым 1938 жылы ақпан айында атылып кетеді.

Мемлекет ісіне белсене араласқан Қ.Жұбанов 1928 жылы Қазақ АССР-і Ұлттық ағарту комиссариатындағы білім бөлімінің инспекторы болып тағайындалған уақытында орта мектептердегі білім беру мен дамытудың басты мәселелерімен айналысады, сөйтіп республикамыздың мәдени құрылымының негізі болып табылатын ұлттық педагогиканың қалыптасуына күш салды. Оның педагогикалық кадрларды қайта даярлау туралы

идеяларының бірі – бүгінде «қашықтан оқыту түрінде» жалғасын табуда. Қ.Жұбанов оқу-білім мәселермен мемлекет астанасы Алматыға ауысқаннан кейін де айналысуын жалғастырады.

Жаттанды формализмге туғаннан жаны қас Қ.Жұбанов Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы оқу-әдістемелік секторға жетекшілік еткен қызметінде де өз ортасына аса сыйлы болды. Оның өз тарапынан шешкен маңызды жұмыстарының бірі – қазақ тілінің грамматикасының ең алғашқы оқулығын шығару үшін дайындық жүргізуімен байланысты.

1933 жылы Қазақстанның Халық Ағарту Комиссариаты жанында Мемлекеттік терминологиялық комиссия құрылып, құрамында белгілі ғалымдар С.Асфендияров, Б.Беремжанов және т.б. болады. Мемлекеттік терминкомның төрағасы болып Қ.Жұбанов сайланады. Комиссия құзырына термин сөздерге қатысты сұрақтармен айналысу, қазақ тілі мен орфографияның ерекшеліктеріне сай реформа дайындау мәселелері кірді. Қ.Жұбановтың жетекшілігімен алғаш рет қазақ терминологиясының теориялық аспектілері зерттеу нысанасына алынып, нәтижесінде 1935 жылы Мемлекеттік терминкомның сан түрлі ғылым саласы бойынша 10 мың термин сөзді қамтыған 4 бюллетень жарыққа шығады. Тек қана Қ.Жұбановтың басшылығымен дайындалған және ұсынылған қазақ орфографиясына қатысты жобаны көрнекті тюрколог-ғалым, академик С.Е.Малов жоғары бағалады.

Қ.Жұбанов тынбастан еңбек етеді, ҚазПИ-ғы қызметі мен Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы коллегия мүшесі, оқу-әдістемелік кеңес төрағасы, бөлім меңгерушісі, Қазақ АССР-і Мемлекеттік терминком төрағасы қызметін қатар алып жүреді. Сондай-ақ ұлттық мәдениет Институтының Ғылыми кеңесінің мүшесі болып та тынбастан еліне қызмет етеді.

Қ.Жұбанов – халықтың білімін көтеріп, сауаттандырумен байланысты жүзеге асырылатын жаңа алфавитке (латындандыру) көшуге қатысты Бүкілодақтық орталық комитеттің белсенді мүшесі болды. Әсіресе, тап осы тұста да Қ.Жұбановтың еңбегі өте ерекше болды. Ол қазақ алфавитін латынға көшіру жобасына байланысты көптеген ғылыми бағдарламаларды дайындайды, латындандыруға қатысты бұрын ұсынылған нұсқаларға нақты сын-ескертелер береді және бұл жобада мақсатқа жету жолындағы ұсыныстарын енгізді. Осы орайда айта кету керек, бүгінгі таңда алға қойылып отырған қазақ елін латындандыруға көшіруде оның идеялары әлі де құнды болып отыр.

Қ.Жұбанов 1937-1938 жылдары Алматы облысының Жаңалық ауылында көшпелі үштіктің шешімімен ату жазасына бұйырылған үзеңгілестері Темірбек Жүргенов, Телжан Шонанов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, т.б. қазақ зиялылары секілді қасірет торына түсті. Алаш азаматтарын «қасапша қырған қанды сойқанда» қазақтың маңдайына біткен дарын иесі, үлкен ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановқа «жапон

тыңшысы» негізсіз тағылған жаланың құрбаны болды. Қ.Жұбанов қазақ тілі мен тарихы туралы құнды деректерді қытай мұрағатынан кездестіруге болатындығын айтады. Жапондықтар қытай тіліндегі көптеген мәліметтерді өз тілдеріне еркін аударып алғандықтан, қазақтар туралы ерте дәуірдегі жазбаларды анықтауда, жапон тілін үйрену қажеттігін атап көрсеткен.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Мүслима Құдайбергенқызы Жұбанованың «Әулет және заман белестері» атты кітабындағы ой саларлық естелік жолдарын тебіреніспен оқымау мүмкін емес: «...Қазір ойлап қарасам, ол (Қ.Жұбанов – Ә.Ұ.) өзінің мезгілсіз үзілген қысқа ғұмырында, қазақ тілінің барлық саласына ат ізін салған екен. Оның ғылыми зерттеулерінде ден қойып оқыған адамға: «Мен осы тараудың кілтін ашам, сендер менің жолымды әрі қарай жалғандар», – деп тұрғандай кейінгі ұрпаққа» [5, 16 бет].

Қ.Жұбановтың темір торға қамалған күндеріндегі ақтық сөздерінен «Жас уақытында социалистік қоғамды қазақ жұртына бақыт әкеледі деп шын сеніммен қараған Қ.Жұбанов, кейіннен елдің аштық пен сталиндік репрессия кесірінен жаппай қырылғанын көзбен көргеннен соң, социалистік қоғамның жүйесінен түніледі. Сөйтіп Алаш-Орда идеясының құндылығына одан әрі көзі жете түседі. Оның ең соңғы шығармасы «Төрт қызық, мың бейнет, жарық өмір» [6, 19 бет] атты саяси памфлетінде қазақ халқының тағдырына бей-жай қарай алмай, қазақтардың этностық және мәдени құндылығын сақтап қалуға жол ашатын тәуелсіз мемлекеттің қажеттілігі туралы ойын білдіреді.

Профессор Қ.Жұбанов – тіл біліміндегі аса зор талантты тұлға ретінде ғана еліне танымал емес, сонымен көсемсөзші, қоғамдық және мемлекеттік қызметпен де белсене айналысқан қайраткер. Оның озық көзқарасы мен терең идеяларының тамыры – қазақ ұлтының мемлекеттік, қоғамдық-саяси және мәдени құрылымына негіз болып қаланды.

Тілші болды, әдебиетші, өнертанушы болды, мектепте жүріп, түрлі пәннің саласынан да (математика, физика, химия) сабақ берді. Ақындық қабілетін танытып, қаламгерлік қырын қалыптастырған дарын иесі, журналист, қолөнерлік қыры мен суретшілігі тағы бар Қ.Жұбанов – көп тілдің қыр-сырын меңгерген полиглот (көне түркі, араб, парсы, неміс, ағылшын, француз, жапон, т.б.) болды. Түрлі халықтың тілін меңгеріп қана қойған жоқ, көркем әдебиетін де жақсы білді. Құр өзі ғана біліп қойып, рахатын сезген жоқ, бар білімін, бар ғылымын халқымен бірге бөліскен ғаламат ғалым, іргелі зерттеуші болды.

Қазақтан шыққан ерекше дарын иесі, феномен, тұңғыш профессор есімі – биылғы жылы 85 жылдық торқалы тойына қадам басқан Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті үшін ерекше қадірлі. Осы орайда жұбановтанушы ғалымдардың ізденістері мен еңбектері [7-16.] – аталған ғылым саласына қомақты үлес болып қосылғаны сөзсіз.

Құдайберген Жұбанов мұрасына тануға қадам басқан, Жұбановтар әулетін феномен ретінде тануға ұмтылған жаңа лек, жас буын өсіп жетілді. Жұбанов ізбасарларын дайындайтын әрине, біздер, біздің оқу орны болмақ. Біз бұл бағытта аянбай еңбек етудеміз және нәтижесіз де емес деп ой қорытамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кекілбаев Ә. Азаматтың асыл бейнесі. – Алматы: «Егемен Қазақстан», 18 сәуір, 2016. – 3 бетте (газет мақалалары)
2. Құдайберген Жұбанов. Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. – 584 б., 537-б. (кітап)
3. Жұбанов Есет. Жұбановтар әулеті. – Ақтөбе: «Ақтөбе» газеті, 2017. – 3-4 бетте. (газет мақалалары)
4. Жолаев Ж. Друг сельских учителей (Воспоминания старого учителя. // Х.Жубанов и казахское советское языкознание. – Алматы: Ғылым, 1990. – 368 с. (кітап)
5. Жұбанова Мүслима. Әулет және заман белестері. Алматы: Арыс, 2009. – 160 б. (кітап)
6. Төрт қызық, мың бейнет, жарық ғұмыр // Қ.Жұбанов. Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. – 584 б., 537-б. (кітап)
7. Манкеева Ж.А. Профессор Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі этнотанбалық жүйе // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері / Жауапты ред. С.Құлманов. –Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. (кітап)
8. Оралбай Ә. Құдайберген Жұбановтың публицистикасы. филол.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 2007. (автореферат)
9. Мирон М.О. Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі: филол.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 1999. (автореферат)
10. Жазықова М. Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы және лингво-дидактиканың өзекті мәселелері.- Ақтөбе, 2013. – 169 с. (кітап)
11. Қарабалина А.Ә. Қ.Жұбановтың жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері: филол.ғ.к. ... дисс. – Атырау, 2007. (автореферат)
12. Жазықова М.Қ. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы. филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2008. (автореферат)
13. Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі. филол.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 2007. (автореферат)

14. Садуақас Н., Баймұқанов Б., Көшкімбаева А. Қ.Жұбанов: библиографиялық көрсеткіш. Ақтөбе, «Қ.Жұбанов университеті» баспасы, 2019 ж. - 150 бет. (кітап)
15. Ұлықпанова Ә.Ж. Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі әдебиеттану аспектілері. Ақтөбе, «Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе мемлекеттік университеті», 2016 ж. – 176 б. (кітап)
16. Ұлықпанова Ә.Ж. Қ.Жұбанов – фольклор және әдебиет зерттеушісі. Алматы: «Отан» баспасы, 2018. – 256 б. (кітап)

SRSTI 16.01.45

CONDUCTING AN ENGLISH LANGUAGE EXAM IN A DISTANCE LEARNING ENVIRONMENT

V.S. ZUBKOV, G.K. SHAKUOVA

M. Utemisov West Kazakhstan State University, Uralsk, Kazakhstan

Андатпа. Бұл жұмыста авторлар қашықтықтан оқыту жағдайында ағылшын тілінде емтиханды өткізудің заманауи әдістері, құралдары мен формаларын сипаттайды, мұндай емтиханды ауызша өткізудің негізгі кезеңдерін ашып көрсетеді, оны өткізудің ерекшеліктерін жазбаша түрде тізімдейді, сонымен қатар осы емтиханды өткізуге қажетті нақты әрекеттерді көрсетеді. Тестілеу түрінде. Жұмыстың соңында осы емтиханның күшті және әлсіз жақтары туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, ағылшын тілі, емтихан, компьютерлік технологиялар, Интернет.

Аннотация. В данной работе авторы описывают современные методы, средства и формы проведения экзамена по английскому языку в условиях дистанционного обучения, раскрывают основные этапы проведения такого экзамена в устной форме, перечисляют особенности его проведения в письменной форме, а также указывают некоторые специфические усилия необходимые для проведения данного экзамена в форме Тестирования. В конце работы сформулирован вывод о сильных и слабых сторонах проведения данного экзамена.

Ключевые слова: дистанционное обучение, английский язык, экзамен, компьютерные технологии, Интернет.

In this paper, the authors describe modern methods, means and forms of conducting an exam in English in a distance learning environment, disclose the main stages of conducting such an exam orally, list the features of its conduct in writing, and also indicate some specific efforts necessary to conduct this exam. in the form of testing. At the end of the work, a conclusion is made about the strengths and weaknesses of this exam.

Key words: distance learning, English, exam, computer technology, Internet.

Daily changes taking place around the world, primarily related to the COVID-19 pandemic, bring certain innovations to the life of society, contribute to the development and implementation of